

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 қарашадағы № 87 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 желтоқсанда № 33720 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі ( бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы, мыналарды:

1) 2023 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 9-тармағының он алтыншы және он жетінші абзацтарын;

2) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының бесінші, алтыншы, он екінші, он үшінші, он төртінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қыркыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, Тізбенің 4-тармағының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, жетінші, сегізінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз

тоғызыншы, қырқыншы, Тізбенің 5-тармағының екінші, үшінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, Тізбенің 6-тармағының бесінші, алтыншы, жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, отыз бесінші, қырқыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу

және дамыту агенттігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкінің Төрағасы  
2023 жылғы 27 қарашадағы  
№ 87 Қаулыға  
қосымша

**Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы № 134 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5089 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Кастодиан банктің инвестициялық қорлардың активтерін есепке алуы";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Кастодиан банк кастодиан шарты негізінде қабылдаған клиенттердің ақшасы және кастодиан шартына сәйкес қабылданған ақшамен операциялар, сондай-ақ алынған инвестициялық кіріс (шығыс) мынадай:

егер кастодиан шарты шетелдік орталық банкпен жасалған жағдайда - 2012 "Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары";

егер кастодиан шарты банкпен (шетелдік орталық банкті қоспағанда) жасалған жағдайда - 2013 "Басқа банктердің корреспонденттік шоттары";

егер кастодиандық шарт ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелін басқарушымен жасалған жағдайда - 2202 "Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар" баланстық шоттарында есепке алынады.

Кастодиан банк кастодиан шартының негізінде қабылдаған өзге активтердің бухгалтерлік есебі Бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында көзделген 7700 "Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін қоспағанда, кастодиандық сақтауға қабылданған активтер" шоттар тобының баланстан тыс шоттарында жүзеге асырылады.";

33-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақша сомасына:

Дт	1051	"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"
	1052	"Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"
Кт	2012	"Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары"
	2013	"Басқа банктердің корреспонденттік шоттары"
	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар ( банктік инвестициялық шот);";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Кастодиан шарты негізінде қабылданған ақшаны орналастыру, инвестициялық кіріс (шығыс) алу және кастодиан шарты негізінде қабылданған қаржы құралдарымен өзге де операциялар жасау кезінде осы Нұсқаулықта көзделген бухгалтерлік жазбалармен қатар 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот", 1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар" баланстық шоттардың дебеті және (немесе) кредиті және тиісінше 2012 "Шетелдік орталық

банктердің корреспонденттік шоттары", 2013 "Басқа банктердің корреспонденттік шоттары", 2202 "Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар" баланстық шоттарының кредиті және (немесе) дебеті бойынша бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Кастодиан шартының негізінде қабылданған зейнетақы активтерін есепке алу";

71, 72, 73 және 74-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Салымшылардың зейнетақы жарналары ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының банктік инвестициялық шотына келіп түскен кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"
	1052	"Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"
	2013	"Басқа банктердің корреспонденттік шоттары"
Кт	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар" ( банктік инвестициялық шот);";

72. Кастодиан шартына сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы төлемдерінің банк шотынан зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және зейнетақы төлемдерін алушыларға қызмет көрсететін банктерге аударуды жүзеге асыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының банктік инвестициялық шотынан соманы ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы төлемдерінің банк шотына аудару бойынша:

Дт	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар" ( банктік инвестициялық шот)
Кт	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы

инвестицияланбаған қалдықтар" ( зейнетақы төлемдерінің банк шоты);

2) зейнетақы төлемдерін алушыға қызмет көрсететін банктің шотына соманы аудару бойынша:

Дт	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар" ( зейнетақы төлемдерінің банк шоты);
Кт	1052	"Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"
	2013	"Басқа банктердің корреспонденттік шоттары".

73. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының банктік инвестициялық шотына келіп түскен және қате есепке алынды деп танылған соманы қайтару кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар" ( зейнетақы төлемдерінің банк шоты);
Кт	1052	"Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"
	2011	"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік шоттары"
	2013	"Басқа банктердің корреспонденттік шоттары".

74. Кастодиан шарты негізінде қабылданған ақшаны орналастыру, инвестициялық кіріс (шығыс) алу және зейнетақы активтерімен өзге де операцияларды жасау кезінде осы Нұсқаулықта көзделген бухгалтерлік жазбалармен қатар 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот", 1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар", 2011 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік шоттары", 2013 "Басқа банктердің корреспонденттік шоттары" баланстық шоттарының дебеті және (немесе) кредиті және тиісінше 2202 "Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар" баланстық шотының кредиті және (немесе) дебеті бойынша бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Зейнетақы активтерін уақтылы орналастырмағаны үшін есептелген өсімпұл сомасын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының банктік инвестициялық шотына есепке алған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"
	1052	"Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"
Кт	2012	"Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары"
	2013	"Басқа банктердің корреспонденттік шоттары"
	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар" ( банктік инвестициялық шот).";

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"91. Инвестициялық портфельді басқарушы, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры кастодиан-банк жүргізген, кастодиан шартына сәйкес өтелуге тиіс шығысты өтеу және төлеу, сондай-ақ кастодиан-банктің комиссиялық сыйақысының есептелген сомасын төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар"
Кт	1819	"Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша есептелген комиссиялық кіріс"
	1860	"Банк қызметі бойынша басқа да дебиторлар".";

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"93. Инвестициялық портфельді басқарушыға, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына кастодиандық шарт негізінде көрсетілген қызметтер үшін есептелген мерзімі өткен сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) есептелген сомасын өтеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) есептелген мерзімі өткен сыйақы сомасына:

Дт	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар"
----	------	--

Кт	1839	"Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша мерзімі өткен комиссиялық кіріс";
----	------	--

## 2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына:

Дт	2202	"Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар"
Кт	1860	"Банк қызметі бойынша басқа да дебиторлар".

2. "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

2-тарауда:

1-параграфта:

1060 62-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1060 63-шотпен толықтырылсын:

"1060 63	Нысаналы активтер";
----------	---------------------

1060 63-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1070, 1071 және 1072-шоттармен толықтырылсын:

"1070	Электрондық ақша
1071	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша
1072	Банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша";

3-параграфта:

3390 72-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3390 73 және 3390 74-шоттармен толықтырылсын:

"3390 73	Нысаналы жинақтар
3390 74	Нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттеме";

3540-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3550 және 3550 01-шоттармен толықтырылсын:

"3550	Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер
3550 01	Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер";

7-параграфта:

7220 01-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

3-тарауда:

1-параграфта:

1060 62-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1060 63-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1060 63 "Нысаналы активтер" (актив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы шотына түскен нысаналы жинақтарды, сондай-ақ өзге де мақсаттарды төлеуді қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған нысаналы активтер түріндегі ақшаны есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы шотына түскен нысаналы жинақтарды, сондай-ақ өзге де мақсаттарды төлеуді қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған нысаналы активтердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы шотынан соманы есептен шығару жазылады.";

1060 63-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1071 және 1072-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1071 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша" (актив).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша сомасын есептен шығару жазылады.

1072 "Банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша" (актив).

Шоттың мақсаты: банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша сомасын есептен шығару жазылады.";

3390 72-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3390 73 және 3390 74-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"3390 73 "Нысаналы жинақтар" (пассив).



Мақсаты: жинақтаушы зейнетақы қорларының нысаналы жинақтарды алушылар алдындағы нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы жинақтарды алушылар алдындағы нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы жинақтар бойынша міндеттемелерінің сомасын есептен шығару жазылады.

3390 74 "Нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттеме" (пассив).

Мақсаты: нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелердің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттемелердің сомасын есептен шығару жазылады.";

3540-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3550 01-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3550 01 "Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер" (пассив).

Шоттың мақсаты: Ұлттық пошта операторының шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша сомасы жеке тұлғалардан немесе Ұлттық пошта операторының агенттерінен алынған ақша сомасы шегінде жазылады.

Шоттың дебеті бойынша электрондық ақша сомасын өтеу кезінде оларды есептен шығару жазылады.";

5460 63-шоттың атауы мен мақсаты мынадай редакцияда жазылсын:

"5460 63 "Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша резерв" (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 43 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32830 болып тіркелген) бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы меншікті капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес құрылуға жататын резервтер мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес танылатын міндеттемелер арасындағы айырма сомасын есепке алу.";

7220 01-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7220 01 "Әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдер бойынша шығыс".

Мақсаты: ұйымның әлеуметтік салықты және әлеуметтік төлемдерді төлеуі бойынша шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның әлеуметтік салықты және әлеуметтік төлемдерді төлеуі бойынша шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомасын №5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады."

3. "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тарауда:

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1. Банктің, ипотекалық ұйымның, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының шетел валютасымен және аффинирленген бағалы металдармен операцияларын 1858, 1859, 1873, 1874, 2858, 2859, 2872 және 2873-шоттарды пайдаланбастан бухгалтерлік есепте көрсетуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған қосалқы есеп болған кезде шетел валютасындағы операцияларды бухгалтерлік есепте жоғарыда көрсетілген шоттарды пайдаланбастан көрсетуге жол беріледі.

2876-шотты пайдаланбастан төлем карточкаларын пайдалана отырып, операцияларды бухгалтерлік есепте көрсетуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған қосалқы есеп болған кезде жоғарыда көрсетілген шотты пайдаланбастан төлем карточкаларын пайдалана отырып, операцияларды бухгалтерлік есепте көрсетуге жол беріледі.";

7-тармақта:

1050-шоттар тобынан кейін мынадай мазмұндағы 1060-шоттар тобымен толықтырылсын:

"1060 Электрондық ақша";

1460-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1460 Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары";

10-тармақта:

4730-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4730 Қайта бағалаудан кіріс";

11-тармақта:

5730-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5730 Қайта бағалаудан шығыс";

2-тарауда:

1-параграфта:

1055-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1060, 1061 және 1062-шоттармен толықтырылсын:

- "1060 Электрондық ақша
- 1061 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша
- 1062 Банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша";

1473-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1474-шотпен толықтырылсын:

- "1474 Еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануы";

2-параграфта:

2202-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "2202 Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар";

2213-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "2213 Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы";

2223-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "2223 Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы";

2241-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "2241 Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы";

2241-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2242-шотпен толықтырылсын:

- "2242 Номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктер ашқан банк шоттарындағы инвестицияланбаған қалдықтар";

2792-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "2792 Берілген қарыздар бойынша сыйақыны және негізгі борышты алдын ала төлеу";

2875-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2876-шотпен толықтырылсын:

- "2876 Төлем карточкаларын пайдалана отырып операцияларды есепке алуға арналған транзиттік шот";

4-параграфта:

4268-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4269-шотпен толықтырылсын:

"4269

Басқа банктерде орналастырылған (бір жылдан астам) жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс";

4314 және 4315-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"4314

Басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға баланысты олардың баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды түзету түріндегі кіріс

4315

Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға баланысты олардың баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды түзету түріндегі кіріс";

4316-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4317-шотпен толықтырылсын:

"4317

Клиенттерден қабылданған салымдардың модификациясын көрсету мақсатында баланстық құнды түзету түріндегі кіріс";

4465-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4465

Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша кіріс";

4963-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4964-шотпен толықтырылсын:

"4964

Бағалау міндеттемелерін таратудан кіріс";

5-параграфта:

5144-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5145-шотпен толықтырылсын:

"5145

Клиенттерден қабылданған салымдардың модификациясын көрсету мақсатында баланстық құнды түзету түріндегі шығыс";

5730-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5730

Қайта бағалаудан шығыс";

3-тарауда:

1-параграфта:

1055-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1061 және 1062-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1061. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша (актив).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, сатып алынған электрондық ақша сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, сатып алынған электрондық ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, сатып алынған электрондық ақша сомасын есептен шығару жазылады.

1062. Банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша (актив).

Шоттың мақсаты: банктер шығарған, сатып алынған электрондық ақша сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банктер шығарған, сатып алынған электрондық ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша банктер шығарған, сатып алынған электрондық ақша сомасын есептен шығару жазылады.";

1102-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1102. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі талап етілгенге дейінгі салымдар (актив).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған талап етілгенге дейінгі салымдардың сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған талап етілгенге дейінгі салымдардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған талап етілгенге дейінгі салымдардың сомасын оны қайтару кезінде есептен шығару жазылады.";

1205 және 1206-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1205. Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт (контракттив).

Шоттың мақсаты: Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың номиналды құнының олардың сатып алу құнынан асып кетуі түріндегі дисконт сомасын, бағалы қағаздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша сатып алуға байланысты түзету сомасын, модификациялау кезінде жалпы баланстық құнын түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың номиналды құнының оларды сатып алу құнынан асып кетуі түріндегі дисконт сомасы, пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға байланысты түзету сомасы, модификациялау кезінде жалпы баланстық құнын түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

1206. Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы (актив).

Шоттың мақсаты: Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздарды сатып алу құнының олардың номиналды құнынан асып кетуі түріндегі сыйлықақы сомасын, пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға байланысты түзету сомасын, модификациялау кезінде жалпы баланстық құнын түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың сатып алу құнының олардың номиналды құнынан асып кетуі түріндегі сыйлықақы сомасы, пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға байланысты түзету сомасы, модификациялау кезінде жалпы баланстық құнын түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

1473-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1474-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1474 Еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануы (контрактив).

Шоттың мақсаты: Еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануынан залал сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша еншілес ұйымға инвестициялардың баланстық құны олардың өтелетін сомасынан асатын сома жазылады.

Шоттың дебеті бойынша инвестициялардың өтелетін сомасын айқындау үшін пайдаланылған есептік бағалаулар өзгерген жағдайда еншілес ұйымға инвестициялардың баланстық құнын олардың өтелетін сомасына дейін ұлғайту сомасы жазылады.";

1660-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1660. Құрылатын (әзірленетін) материалдық емес активтер (актив).";

1757-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1757. Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері бойынша есептелген кіріс (актив).

Шоттың мақсаты: амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері бойынша есептелген кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері бойынша есептелген кірістің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері бойынша есептелген кіріс сомасын оларды алу кезінде есептен шығару жазылады.";

2144-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2144. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары (пассив).

Шоттың мақсаты: Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдарының сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банк қабылданған мерзімді салымдарды қайтарған кезде олардың сомасын есептен шығару жазылады.";

2202-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2202. Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар (пассив).

Шоттың мақсаты: Банктер кастодиандық шарттардың талаптарында қабылдаған клиенттердің, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелін басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған ақша қалдықтарын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша кастодиан-банктер ашқан клиенттердің, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелін басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттарға түскен, банктер кастодиандық шарт талаптарында қабылдаған ақша сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттердің, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелін басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардан түскен ақша сомасын шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мақсаты бойынша есептен шығару жазылады.";

2213-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2213. Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы (пассив).";

2223-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2223. Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы (пассив).";

2240-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2240. Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде кепіл туралы шарт немесе кепілпұл беру туралы келісім бойынша қабылданған, иелік етуді кепіл ұстаушы жүзеге асыратын клиенттердің ақша сомасын, сондай-ақ берілген кепілдіктер бойынша өтеу ретінде қабылданған клиенттердің ақша сомасын, сондай-ақ қамтамасыз ету төлемінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған оның ақша сомасы, сондай-ақ берілген кепілдіктер бойынша өтеу ретінде қабылданған клиенттер ақшасының сомасы, сондай-ақ қамтамасыз ету төлемінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кепіл туралы шарттың немесе кепілпұл беру туралы келісімнің талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған оның ақша сомасын, сондай-ақ берілген кепілдіктер бойынша өтеу ретінде қабылданған клиенттер ақшасының сомасын, сондай-ақ қамтамасыз ету төлемінің сомасын есептен шығару жазылады.";

2241-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2241. Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы (пассив).";

2241-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2242-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2242. Номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер ашқан банк шоттарындағы инвестицияланбаған қалдықтар (пассив).

Шоттың мақсаты: Номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктік қызмет көрсету және (немесе) номиналды ұстау шарттарының және (немесе) кастодиандық шарттар талаптарында банктер ашқан банктік шоттардағы инвестицияланбаған ақша қалдықтарын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер ашқан банктік шоттарға түскен ақша сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер ашқан банктік шоттардан түскен ақша сомасын шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мақсаты бойынша есептен шығарылады.";

2792-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2792. Берілген қарыздар бойынша сыйақыны және негізгі борышты алдын ала төлеу (пассив).



Шоттың мақсаты: Берілген қарыздар бойынша алдын ала төленген сыйақының және негізгі борыштың болашақ кезеңге қатысты сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша берілген қарыздар бойынша алдын ала төленген сыйақының және негізгі борыштың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша берілген қарыздар бойынша алдын ала төленген сыйақының және негізгі борыштың сомасын есептен шығару жазылады.";

2875-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2876-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2876. Төлем карточкаларын пайдалана отырып операцияларды есепке алуға арналған транзиттік шот (актив-пассив).

Шоттың мақсаты: операциялық күн ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып операцияларды есепке алу. Операциялық күн жабылғаннан кейін шот бойынша дебеттік немесе кредиттік қалдықтардың болуына жол берілмейді.

Шоттың кредиті бойынша операциялық күн ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар және операциялық күн жабылған кезде шоттардың үлгі жоспарының тиісті шоттарына қалдықтарды есептен шығару жазылады.

Шоттың дебеті бойынша операциялық күн ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар және операциялық күн жабылған кезде шоттардың үлгі жоспарының тиісті шоттарына қалдықты есептен шығару жазылады.";

4268-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4269-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"4269. Басқа банктерде (бір жылдан астам) орналастырылған жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс.

Шоттың мақсаты: Банктік салым шарты бойынша басқа банктерде бір жылдан астам мерзімге орналастырылған жинақ салымдар бойынша сыйақы түріндегі кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банкте орналастырылған жинақ салымдар бойынша сыйақы түріндегі кірістің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын №4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4314 және 4315-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4314. Басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды түзету түріндегі кіріс.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздық нарықтық емес

мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды бастапқы тану кезінде түзету түріндегі кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттардың (сыйлықақылардың) шоттарымен байланыстырумен пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды бастапқы тану кезінде түзету түріндегі кірістің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын №4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

4315. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға баланысты олардың баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды түзету түріндегі кіріс.

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға баланысты олардың баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды бастапқы тану кезінде түзету түріндегі кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға баланысты олардың баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттардың шоттарымен байланыстырумен пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды бастапқы тану кезінде түзету түріндегі кіріс сомасы.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын №4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4316-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4317-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"4317. Клиенттерден қабылданған салымдардың модификациясын көрсету мақсатында баланстық құнды түзету түріндегі кіріс.

Шоттың мақсаты: клиенттерден қабылданған салымдардың модификациясын көрсету мақсатында баланстық құнды түзету түріндегі кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қабылданған салымдар бойынша тиісті дисконттардың (сыйлықақылардың) шоттарымен байланыстырып клиенттерден қабылданған

салымдардың модификациясын көрсету мақсатында баланстық құнды түзету түріндегі кірістің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын №4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4963-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4964-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"4964. Бағалау міндеттемелерін таратудан кіріс.

Шоттың мақсаты: Бағалау міндеттемелерін таратудан кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалау міндеттемелерін таратудан кірістің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын №4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады";

5071-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5071. Берілген қарыздарды модификациялауға байланысты олардың жалпы баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша түзету түріндегі шығыс.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі шығыс, берілген қарыздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын шығыс және (немесе) кредиттік-құнсызданған қарызды сатып алуға немесе жасауға байланысты шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі шығыс, берілген қарыздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын шығыс және (немесе) кредиттік-құнсызданған қарызды сатып алуға немесе жасауға байланысты шығыс сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыс сомасын №4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5144-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5145-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5145. Клиенттерден қабылданған салымдардың модификациясын көрсету мақсатында баланстық құнды түзету түріндегі шығыс.

Шоттың мақсаты: Клиенттерден қабылданған салымдардың модификациясын көрсету мақсатында баланстық құнды түзету түріндегі шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қабылданған салымдар бойынша тиісті дисконттардың (сыйлықақылардың) шоттарымен корреспонденцияда клиенттерден қабылданған салымдардың модификациясын көрсету мақсатында баланстық құнды түзету түріндегі шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыс сомасын №4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5151-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5151. Бас офиспен есеп айырысу бойынша шығыс.

Шоттың мақсаты: филиалдардың бас офиспен есеп айырысуы бойынша шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша филиалдардың бас офиспен есеп айырысуы бойынша шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жұмсалған шығыс сомасы №4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5241-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5241. Клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) берілген қарыздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша түзету түріндегі шығыс.

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі шығыс, клиенттерге берілген қарыздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын шығыс және (немесе) кредиттік-құнсызданған қарызды сатып алуға немесе жасауға байланысты шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі шығыс, клиенттерге берілген қарыздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын шығыс және (немесе) кредиттік-құнсызданған қарызды сатып алуға немесе жасауға байланысты шығыс сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыс сомасын №4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.".

4. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық";

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін активтің әділ құны "Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 58 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32997 тіркелген) сәйкес айқындалады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде, " Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады;"

мынадай мазмұндағы 8-2-тармақпен толықтырылсын:

"8-2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер еңбекшілерінің (отбасы мүшелерінің) зейнетақылары мен зейнетақы жинақтарын жеткізуді жүзеге асыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер еңбекшілерінің (отбасы мүшелерінің) алынған зейнетақы және зейнетақы жинақтарының сомасына кейіннен Қазақстан Республикасының аумағына жеткізу үшін мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1030 00	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	3390 71	Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақылар мен зейнетақы жинақтарын жеткізу жөніндегі міндеттемелер;

2) Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы және зейнетақы жинақтарының алынған сомасын нақты төлеген кезде:

Дт	3390 71	Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақылар мен зейнетақы жинақтарын жеткізу жөніндегі міндеттемелер
Кт	1030 00	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар бойынша акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізілімі тіркелген күні дивидендтер төлеу туралы шешімі негізінде тиесілі дивидендтер сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс.";

мынадай мазмұндағы 94 және 95-тармақтармен толықтырылсын:

"94. Нысаналы жинақтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қордың ағымдағы шотына түскен өзге де мақсаттарды қамтамасыз етуге арналған нысаналы активтер түскен кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1060 63	Нысаналы активтер
Кт	3390 73.	Нысаналы жинақтар;

нысаналы жинақтарды төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	3390 73	Нысаналы жинақтар
Кт	3390 74	Нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттеме;

нақты төлеу кезінде:

Дт	3390 74	Нысаналы жинақтарды төлеу бойынша міндеттеме
Кт	1060 63	Нысаналы активтер.

95. Нысаналы жинақтардың талап етілмеген сомасын ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аудару кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	3390 73	Нысаналы жинақтар
Кт	1060 63	Нысаналы активтер;

бір уақытта:

Дт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақшалай қаражат (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот)
Кт	3390 65	Жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтары."

5. "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8765 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Зейнетақы активтерінің бухгалтерлік есебі, оның ішінде зейнетақы жарналарын алу және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген) бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.";

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1. Қор қаржы активтерін мынадай санаттар бойынша сыныптайды:

- 1) амортизацияланған құны бойынша бағаланатындар;
- 2) әділ құны бойынша бағаланатындар.

Қордың қаржы активтерін осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген санаттардың біріне жатқызу "Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 58 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32997 болып тіркелген) бекітілген Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Бағалау қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Қазақстан Республикасының аумағында зейнетақы активтері бойынша қордың қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ұсынылады.

Қордың зейнетақы активтері бойынша жылдық қаржылық есептілігі ағымдағы жылдың деректерін және кем дегенде өткен жылдың салыстырмалы деректерін қамтиды.

Қордың зейнетақы активтері бойынша қаржылық есептілігі қордың меншікті активтері бойынша қаржылық есептіліктен бөлек жасалады.

Зейнетақы активтері бойынша жасалатын жылдық қаржылық есептілік міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есептен, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есептен, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есептен, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есептер және түсіндірме жазбадан тұрады.

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есеп және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есеп зейнетақы активтері бойынша активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты ашады.

Түсіндірме жазбада міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есептің, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есептің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есептің, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есептің деректерін толықтыратын ақпарат қамтылады.

Түсіндірме жазба жылдық қаржылық есептілікке ескертпелер түрінде жасалады және онда қордың қаржылық есептілігінде ашып көрсетілген бухгалтерлік баптардың сипаты немесе егжей-тегжейлі талдамалары, сондай-ақ қордың қаржылық есептілігінде тануға жатпайтын бухгалтерлік баптар туралы ақпарат қамтылады.

Түсіндірме жазбада хеджирлеу құралы және оған байланысты хеджирленетін бап, хеджирленетін тәуекелдің сипаты, сондай-ақ хеджирлеу құралының тиімділігін бағалау туралы ақпарат ашылады.

Жылдық қаржылық есептілікте қаржы құралдары бойынша ақпарат ашылған кезде қаржы құралдарының әділ құны Бағалау қағидаларына сәйкес айқындалады."



6. "Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларында:

9-тармақ мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) сауда-саттықты ұйымдастырушы және клирингтік ұйым.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде, жыл сайын Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 60-бабының 3-тармағына сәйкес аудиторлық ұйым растаған, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті, Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті, Қағидаларға 5-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы жинақтар есебінен қалыптастырылған нысаналы активтер туралы есепті, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті және Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті қамтитын зейнетақы активтері бойынша жылдық қаржылық есептілікті Ұлттық Банкке электрондық форматта ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде, жыл сайын Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 60-бабының 3-тармағына сәйкес аудиторлық ұйым растаған, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті қамтитын зейнетақы активтері бойынша жылдық қаржылық есептілікті Ұлттық Банкке электрондық форматта ұсынады.";

14-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық пошта операторын, ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды, айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаны, орталық депозитарийді, сауда-саттықты ұйымдастырушыны, клирингтік ұйымды, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – уәкілетті орган) тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Өзі орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті:

1) Қағидаларға 7 және 8-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша:

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданатын микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер мен ломбардтар есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей;

2) Қағидаларға 8-1 және 8-2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша:

шағын және орта бизнеске арналған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданатын микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер мен ломбардтар есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей ұсынады.";

16-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті;

Қағидаларға 13-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті;

Қағидаларға 13-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы жинақтар есебінен қалыптастырылған нысаналы активтер туралы есепті;

Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті;

Қағидаларға 14-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті ұсынады.";

16-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) сауда-саттықты ұйымдастырушы және клирингтік ұйымы есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;"

1-қосымша осы Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда 5-2-қосымшамен толықтырылсын;

7-қосымша Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымша Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-1-қосымша Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-2-қосымша Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда 13-2-қосымшамен толықтырылсын.

7. "Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15084 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандырудың негізгі мақсаты бухгалтерлік есеп жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) қолдану арқылы ұйымдар жасайтын операциялар мен оқиғалар туралы ақпаратты

жинау, тіркеу және жинақтау жүйесін автоматтандыру және мүдделі тұлғаларды ұйымның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық және дәйекті ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға бухгалтерлік есепті Қағидаларда көзделген тәртіппен кеңсе топтамаларының қосымшаларын пайдалана отырып жүргізуіне жол беріледі."

8. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

2-тарауда:

7-параграфта:

7220 01-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7220 01

Әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдер бойынша шығыс";

3-тарауда:

1-параграфта:

7220 01-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7220 01 "Әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдер бойынша шығыс".

Мақсаты: ұйымның әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдерді төлеу жөніндегі шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның әлеуметтік салықты және әлеуметтік төлемдерді төлеу жөніндегі шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады."

9. "Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19679 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің және бейрезидент банктер филиалдарының (бұдан әрі – банк) ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымын, ең төмен резервтік талаптарды есептеу, ең төмен резервтік талаптарды орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.";

1-қосымшада:

2202-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2202 Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар";

2213-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2213 Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы";

2223-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2223 Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы";

2240-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2242-шотпен толықтырылсын:

"2242 Номиналды ұстаушы функцияларын жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы, оның ішінде банктер ашқан қаржы қызметтерін реттеу бойынша "Астана" халықаралық қаржы орталығы комитетінің тиісті

лицензиясы негізінде инвестицияланбаған қалдықтар";

2728-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2729-шотпен толықтырылсын:

"2729

Инвестициялық депозиттер бойынша кірістің бір бөлігін төлеу жөніндегі міндеттемелер";

3-қосымшада:

2241-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2241

Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы".

10. "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту және " Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына және " Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 109 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21275 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент - банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім) , Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім), "Қазақстан Республикасындағы вексельдік айналым туралы" Қазақстан Республикасының Заңында , "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 396 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1015 болып тіркелген) және "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың аударым және жай вексельдермен операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 261 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13071 болып тіркелген) көзделген ұғымдар қолданылады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Банк салымына бастапқы және (немесе) қосымша ақша жарнасын салған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) банктік салымы шарты бойынша ақша сомасына:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1005	Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	2021	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап етілгенге дейінгі салымдары
	2022	Шетелдік орталық банктердің талап етілгенге дейінгі салымдары
	2023	Басқа банктердің талап етілгенге дейінгі салымдары
	2121	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары
	2122	Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары
	2123	Басқа банктердің қысқа мерзімді (бір айға дейінгі) салымдары
	2124	Басқа банктердің қысқа мерзімді (бір жылға дейінгі) салымдары
	2125	Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар
	2127	Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары
	2130	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
	2132	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір айдан аспайтын)
	2133	Басқа банктердің шартты салымдары

2134	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2141	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2205	Жеке тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
2206	Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2207	Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2208	Жеке тұлғалардың шартты салымдары
2211	Заңды тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
2214	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2218	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары
2220	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
2229	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы;

## 2) жеңілдік сомасына:

Дт

2140	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша дисконт
------	---



	2239	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт
Кт	2021	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап етілгенге дейінгі салымдары
	2022	Шетелдік орталық банктердің талап етілгенге дейінгі салымдары
	2023	Шетелдік орталық банктердің талап етілгенге дейінгі салымдары
	2121	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары
	2122	Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары
	2123	Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір айға дейінгі)
	2124	Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі)
	2125	Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар
	2127	Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары
	2130	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
	2132	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір айдан аспайтын)
	2133	Басқа банктердің шартты салымдары
	2134	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
	2141	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір жылдан астам)
	2205	Жеке тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
	2206	Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
	2207	Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
	2208	Жеке тұлғалардың шартты салымдары
	2211	Заңды тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2214	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)

2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2218	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары
2220	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2229	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы;

**Сыйлықақы сомасына:**

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	2139	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша сыйлықақы
	2238	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы.";

**21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:**

"21. Банк салымы шартында көзделген міндеттемелердің жалпы сомасына банк салымы бойынша есептелген сыйақы сомасын капиталдандыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2702	Басқа банктердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыс
	2709	Басқа банктердің жинақ салымдары бойынша есептелген шығыс
	2712	Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыс

	2713	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыс
	2714	Басқа банктердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыс
	2719	Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыс
	2720	Клиенттердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығы
	2721	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыс
	2723	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыс
	2724	Клиенттердің жинақ салымдары бойынша есептелген шығыс
Кт	2021	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап етілгенге дейінгі салымдары
	2022	Шетелдік орталық банктердің талап етілгенге дейінгі салымдары
	2023	Басқа банктердің талап етілгенге дейінгі салымдары
	2121	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары
	2122	Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары
	2123	Басқа банктердің қысқа мерзімді (бір айға дейінгі) салымдары
	2124	Басқа банктердің қысқа мерзімді (бір жылға дейінгі) салымдары
	2125	Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар
	2127	Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары
	2130	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
	2132	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір айдан аспайтын)
	2133	Басқа банктердің шартты салымдары
	2134	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
	2141	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір жылдан астам)

2205	Жеке тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
2206	Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2207	Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2208	Жеке тұлғалардың шартты салымдары
2211	Заңды тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
2214	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2218	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары
2220	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
2229	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Банктік қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде ақшаны қабылдаған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1005	Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар

	2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2205	Жеке тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
	2206	Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
	2207	Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
	2208	Жеке тұлғалардың шартты салымдары
	2211	Заңды тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
	2214	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
	2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
	2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
	2218	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
	2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары
	2220	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
	2222	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары
	2229	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
Кт	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты.
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Клиент банктік қарыз бойынша есептелген сыйақыны төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) ақша қолма-қол нысанда енгізілген кезде:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1005	Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша
Кт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары;

2) қарыз алушы банктік қарыз бойынша есептелген сыйақы сомасын алдын ала төлеген кезде:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1005	Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	2792	Берілген қарыздар бойынша сыйақыны және негізгі борышты алдын ала төлеу;

3) есептелген сыйақы бойынша берешекті өтеу кезінде:

Дт	2010	Корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы
	2792	Берілген қарыздар бойынша сыйақыны және негізгі борышты алдын ала төлеу

Кт	1730	Басқа банктерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша есептелген кіріс
	1740	Клиенттерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша есептелген кіріс.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Банктік қарыз бойынша негізгі борышты өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1005	Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша
Кт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары,
бір мезгілде:		
Дт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы
Кт	1407	Клиенттерге факторинг
	1411	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыз
	1417	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыз
	1429	Клиенттерге берілген басқа да қарыз;

қолма-қол ақшалай емес нысанда ақша енгізілген жағдайда:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары

	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы
Кт	1301	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары бойынша овердрафт қарызы
	1302	Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді қарыз
	1303	Басқа банктерге берілген овернайт қарызы
	1304	Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді қарыз
	1407	Клиенттерге факторинг
	1411	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыз
	1417	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыз
	1429	Клиенттерге берілген басқа да қарыз.";

39-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) банктік қарыз бойынша қамтамасыз ету болып табылатын ақшаны есептен шығарған кезде:

Дт	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы
Кт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша



2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
2205	Жеке тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
2206	Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2207	Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2208	Жеке тұлғалардың шартты салымдары
2211	Заңды тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
2214	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2218	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары
2220	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2222	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары
2229	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам).";

44 және 45-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Банктік қарыз бойынша мерзімі өткен сыйақыны және тұрақсыздық айыбын ( айыппұл, өсімпұл) төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1005	Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары

	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы
Кт	1731	Басқа банктерге берілген қарыз және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы
	1741	Клиенттерге берілген қарыз және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы
	1879	Есептелген тұрақсыздық айыбы ( айыппұл, өсімпұл).

45. Банктік қарыз бойынша мерзімі өткен негізгі борышты төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1005	Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы
Кт	1306	Басқа банктердің қарыз бойынша мерзімі өткен берешегі
	1409	Клиенттердің факторинг бойынша мерзімі өткен берешегі

163-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) домицилианттың міндеттемелерін қамтамасыз ретінде қабылданатын ақша сомасына:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты;
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы";

164-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) вексель бойынша төлем сомасына:

Дт	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы
Кт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша

1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары;"

167-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аваль бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде қабылданатын ақша сомасына:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
	2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты;
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы";

168-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аваль бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде бұрын қабылданған ақша сомасына:

Дт	2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
	2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы

	2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты
	2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы
Кт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары;"

11. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 21 қарашадағы № 97 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30799 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Тізбенің 3-тармағының жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші және отыз екінші абзацтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"16. Ұлттық Банкке тоқсан сайынғы/ай сайынғы қаржылық есептілікті:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;"

1-қосымшаға 12-қосымша Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының  
кейбір қаулыларының тізбесіне  
1-қосымша

Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
1-қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

## **Бухгалтерлік баланс**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1Н.

Кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым.

Ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік

және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым – есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

3) екінші деңгейдегі банктер – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

4) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар – активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

(мың теңгемен)

Баптардың атауы	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3
...		
...		
Активтер жиынтығы		
...		
...		
Міндеттемелер жиынтығы		
...		
...		
Капитал жиынтығы		
Міндеттемелер мен капитал жиынтығы		

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны  
Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы күні  
Басшы немесе оның  
міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Ескертпе: нысан "Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес, Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға қосымшаға сай толтырылады.

Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
1-қосымшаға қосымша

**"Бухгалтерлік баланс" (индексі - 1Н, кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан жыл сайын және тоқсан сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұсынылады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары жеке бухгалтерлік балансты және шоғырландырылған бухгалтерлік балансты ұсынады.



Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін жеке бухгалтерлік балансты және шоғырландырылған бухгалтерлік балансты ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңге деп белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру**

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары ұйымның операцияларына сүйене отырып, еркін толтырылады.

7. 2-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 3-бағанда өткен жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Бухгалтерлік есепті жүргізу  
және қаржылық есептілікті  
ұсыну мәселелері бойынша  
өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
кейбір қаулыларының тізбесіне  
2-қосымша  
Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
2-қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

## **Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2Н.

Кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым.

Ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым – есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

3) екінші деңгейдегі банктер – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

4) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар – активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

(мың теңгемен)

Баптардың атауы	Ағымдағы жылдың басынан бастап кезең ішінде (өспелі жиынтығымен)	Өткен жылдың басынан бастап ұқсас кезең ішінде (өспелі жиынтығымен)
1	2	3
...		
...		
...		
...		
Салық салынғанға дейінгі таза пайда/таза зиян		
...		
Табыс салығы бойынша шығыс		
...		
Таза пайда/таза зиян		
...		

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы күні

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Ескертпе: нысан "Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес, Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларына 2-қосымшаға қосымшаға сай толтырылады.

Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларына  
2-қосымшаға қосымша

## **"Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп" (индексі - 2Н, кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан жыл сайын және тоқсан сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұсынылады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары жеке пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті және шоғырландырылған пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті ұсынады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді қабылдаған ұйымдар активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін жеке пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті және шоғырландырылған пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңге деп белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру**

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары ұйымның операцияларына сүйене отырып, еркін толтырылады.

7. 2-бағанда ағымдағы жылдың басынан бергі кезеңдегі деректер көрсетіледі (өсу қорытындысымен).

8. 3-бағанда өткен жылдың басынан бергі ұқсас кезеңдегі деректер көрсетіледі (өспелі қорытындымен).

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Бухгалтерлік есепті жүргізу  
және қаржылық есептілікті  
ұсыну мәселелері бойынша  
өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
кейбір қаулыларының тізбесіне  
3-қосымша  
Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
3-қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректердің нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

## **Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ЗН.

Кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар

нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым.

Ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым – есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

3) екінші деңгейдегі банктер – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

4) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар – активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

(мың теңгемен)

Баптардың атауы	Есепті кезең үшін	Өткен жылдың ұқсас кезеңі үшін
-----------------	-------------------	--------------------------------

1	2	3
...		
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны		
...		
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың жиынтығы		
...		
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны		
...		
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың ағыны		
...		
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және оның баламалары		

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы күні

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Ескертпе: нысан Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес, Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларына 3-қосымшаға қосымшаға сай толтырылады.

Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
3-қосымшаға қосымша

**"Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп" (индексі - 3Н, кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жыл сайын және тоқсан сайын ұсынылады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы жеке есепті және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті ұсынады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді қабылдаған ұйымдар активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы жеке есепті және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңге деп белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру**

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары ұйымның операциялары негізге алына отырып, еркін толтырылады.

7. 2-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезең үшін деректер көрсетіледі.



8. 3-бағанда өткен жылғы ұқсас кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
бухгалтерлік есепті жүргізу  
және қаржылық есептілікті  
ұсыну мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
қаулыларының тізбесіне  
4-қосымша

Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
4-қосымша

### **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

### **Капиталдағы өзгерістер туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 4Н.

Кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын.

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция

нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым.

Ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым – есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

3) екінші деңгейдегі банктер – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

4) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді қабылдаған ұйымдар – активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

(мың теңгемен)

Баптардың атауы	Жарғылық капитал	Меншікті капитал құраушының атауы	Капитал жиынтығы
1	2	...	n
Алдыңғы есепті жылдың соңында			
...			
Басқа да жиынтық кіріс			
...			
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс/зиян			

...			
Есепті кезеңдегі қалдықтар			

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы күні

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Ескертпе: нысан "Капиталдағы өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес, Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларына 4-қосымшаға қосымшаға сай толтырылады.

Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
4-қосымшаға қосымша

**"Капиталдағы өзгерістер туралы есеп" (индексі - 4Н, кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Капиталдағы өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жыл сайын және тоқсан сайын ұсынылады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын

ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепті және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепті ұсынады.

Еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді қабылдаған ұйымдар активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепті және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепті ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңге деп белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру**

6. 1-бағандағы баптардың атаулары ұйымның операциялары негізге алына отырып, еркін толтырылады.

7. Ұйым нысандағы "Меншікті капитал құрауышының атауы" бағандарының санын ұйымның операцияларын негізге ала отырып, дербес айқындайды. Ұйым нысанға енгізілген "Меншікті капитал құрауышының атауы" бағандарының атауын ұйым қызметінің ерекшелігін және операцияларын негізге ала отырып көрсетеді және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарын ескере отырып, еркін нысанда толтырады.

8. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
бухгалтерлік есепті жүргізу  
және қаржылық есептілікті  
ұсыну мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
қаулыларының тізбесіне  
5-қосымша

Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
5-2-қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

### Нысаналы активтер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1Н-1МА-БЖЗҚ.

Кезеңділігі: жыл сайын.

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3	4
....			
....			
Активтердің жиынтығы			
....			
....			
Міндеттемелер жиынтығы			
Таза активтердің жиынтығы			

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы күні

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Ескертпе: нысан "Нысаналы активтер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес, Қаржы ұйымдарының

қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларына 5-2-қосымшаға қосымшаға сай толтырылады.

Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
5-2-қосымшаға қосымша

**"Нысаналы активтер туралы есеп" (индексі - 1Н-1МА-БЖЗҚ, кезеңділігі: жыл сайын)  
әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Нысаналы активтер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қоры есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша нысаналы активтер бойынша жыл сайын толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңге деп белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру**

6. 3-бағанда есепті жылдың соңғы күнін қоса алғанда, есепті жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 4-бағанда алдыңғы жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

8. Қаржылық есептіліктің түрі: жеке.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
бухгалтерлік есепті жүргізу  
және қаржылық есептілікті  
ұсыну мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
қаулыларының тізбесіне  
6-қосымша

Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
7-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

## **Бухгалтерлік баланс**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1Н-МҚҰЖСБ.

Кезеңділігі: тоқсан сайын/ай сайын.

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Ұлттық пошта операторы, орталық депозитарий, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, сақтандыру брокерлері, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаны, орталық депозитарийді, сауда-саттықты ұйымдастырушыны, клирингтік ұйымды, уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда), микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі:

1) сақтандыру брокерлері – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей тоқсан сайын;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық пошта операторын, ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаны, орталық депозитарийді, сауда-саттықты ұйымдастырушыны, клирингтік ұйымды, уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда) – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамынан) кешіктірмей, тоқсан сайын;

3) микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер мен ломбардтар – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей, тоқсан сайын;

4) Ұлттық пошта операторы – есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей, ай сайын;

5) орталық депозитарий, сауда-саттықты ұйымдастырушы және клирингтік ұйым – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, ай сайын.

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3	4
Активтер			
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламалары	1		
оның ішінде:			
кассадағы қолма-қол ақша	1.1		
банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың шоттарындағы ақша	1.2		
ақшалай қаражаттың баламалары	1.3		
Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	2		
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	3		
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	4		
Туынды қаржы құралдары	5		
Алынатын сақтандыру сыйлықақылары	6		
Дебиторлық берешек	7		
Комиссиялық сыйақылар	8		
"Кері РЕПО" операциясы	9		
Аффинирленген бағалы қағаздар	10		
Орналастырылған салымдар	11		
Берілген қаржылық жалдау	12		



Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қарыздар (микрокредиттер)	13		
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыздар (микрокредиттер)	14		
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыздар (микрокредиттер)	15		
Инвестициялық мүлік	16		
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	17		
Қорлар	18		
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (шығарылатын топтар)	19		
Материалдық емес активтер	20		
Негізгі құрал-жабдықтар	21		
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	22		
Болашақ кезеңдердегі шығыс	23		
Ағымдағы салық активі	24		
Кейінге қалдырылған салық активі	25		
Басқа да активтер	26		
Активтердің жиынтығы	27		
Міндеттемелер			
Тартылған салымдар	28		
Туынды қаржы құралдары	29		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	30		
"РЕПО" операциясы	31		
Алынған қарыздар	32		
Кредиторлық берешек	33		
Резервтер	34		
Акционерлермен акциялар бойынша есеп			

айырысулар бойынша есептелген шығыс	35		
Реттелген борыш	36		
Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттеме	37		
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	38		
Жалдау бойынша міндеттемелер	39		
Қ а й т а сақтандырушылармен есеп айырысу	40		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу	41		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төлеуге арналған шоттар	42		
Басқа да міндеттемелер	43		
Міндеттемелердің жиынтығы	44		
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	45		
оның ішінде:			
жай акциялар	45.1		
артықшылық берілген акциялар	45.2		
Қосымша төленген капитал	46		
Алынған капитал	47		
Резервтік капитал	48		
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві	49		
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың құнсыздану резерві	50		
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын			

қарыздарды ( 51 микрокредиттерді) қайта бағалау резерві			
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын 52 қарыздардың құнсыздану резерві			
Басқа да резервтер 53			
Бөлінбеген пайда ( 54 өтелмеген зиян)			
оның ішінде:			
өткен жылдардың 54.1			
есепті кезеңнің 54.2			
Капитал жиынтығы 55			
Капитал мен 56 міндеттемелердің жиынтығы			

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы күні

Басшы немесе оның  
міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Ескертпе: нысан "Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес, Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларына 7-қосымшаға қосымшаға сай толтырылады.

Қаржы ұйымдарының қаржылық  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
7-қосымшаға қосымша

**"Бухгалтерлік баланс" (индексі - 1Н-МҚҰжСБ, кезеңділігі: тоқсан сайын, ай сайын)  
әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым (Ұлттық пошта операторын, ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаны, орталық депозитарийді, сауда-саттықты ұйымдастырушыны, клирингтік ұйымды, уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда), сақтандыру брокері және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым тоқсан сайын және Ұлттық пошта операторы, орталық депозитарий, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңге деп белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру**

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 4-бағанда алдыңғы жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 1-ден 56-ға дейінгі аралықтағы жолдарда бас кітаптан немесе дерекқордан алынған ақпараттың негізінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарын ескере отырып, топтастырылған деректер көрсетіледі.

9. 28, 35, 45.1 және 45.2-жолдарды тиісті қызметті жүзеге асыру кезінде акционерлік қоғамдар ғана толтырады.

10. Қаржылық есептіліктің түрі: жеке.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
бухгалтерлік есеп жүргізу  
және қаржылық есептілікті  
ұсыну мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
қаулыларының тізбесіне  
7-қосымша  
Қаржы ұйымдарының қаржылық

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырылған

## Пайда мен зиян туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2Н-МҚҰЖСБ.

Кезеңділігі: тоқсан сайын/ай сайын.

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: орталық депозитарий, сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйым, сақтандыру брокерлері, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық пошта операторын, ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаны, орталық депозитарийді, сауда-саттықты ұйымдастырушыны, клирингтік ұйымды, уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда), микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі:

1) сақтандыру брокерлері – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық пошта операторын, ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаны, орталық депозитарийді, сауда-саттықты ұйымдастырушыны, клирингтік ұйымды, уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда) – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырма) кешіктірмей, тоқсан сайын;

3) микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер мен ломбардтар – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей, тоқсан сайын;

4) орталық депозитарий, сауда-саттықты ұйымдастырушы және клирингтік ұйым – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамынан) кешіктірмей, ай сайын.

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңде	Ағымдағы жылдың басынан басталған кезеңде (өспелі жиынтығымен)	Алдыңғы жылдың ұқсас кезеңінде	Алдыңғы жылдың басынан бастап осыған ұқсас кезеңде (өспелі жиынтығымен)
1	2	3	4	5	6
Сыйақы алуға байланысты кіріс	1				
оның ішінде:					
орналастырылған салымдар бойынша	1.1				
берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша	1.2				
берілген қаржылық жалдау бойынша	1.3				
сатып алынған бағалы қағаздар бойынша	1.4				
"кері РЕПО" операциялары бойынша	1.5				
сыйақы алуға байланысты басқа да кіріс	1.6				
Комиссиялық сыйақы	2				
оның ішінде:					
сақтандыру брокерінің қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кіріс	2.1				
Сыйақы алуға байланысты					

емес банктік және өзге қызметті жүзеге асырудан түскен кіріс	3				
оның ішінде:					
аударым операцияларын жүзеге асырудан түскен кіріс	3.1				
клирингтік операцияларды жүзеге асырудан болған кіріс	3.2				
кассалық операцияларды жүзеге асырудан болған кіріс	3.3				
сейф операцияларын жүзеге асырудан болған кіріс	3.4				
инкассациялаудан болған кіріс	3.5				
сыйақы алуға байланысты емес банктік қызметтен, сақтандыру брокерінің қызметінен және өзге қызметтен болған кіріс	3.6				
Қаржы активтері бойынша кіріс (шығыс) (нетто)	4				
оның ішінде:					
қаржы активтерін сатып алу-сатудан болған кіріс (шығыс) (нетто)	4.1				
өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	4.2				

кұнының өзгеруінен болған кіріс (шығыс) (нетто)					
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған кіріс (шығыс) (нетто)	5				
Қаржы активтері бойынша ықтимал залалдарға резервтерді қалпына келтіруден болған кіріс	6				
Акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кіріс	7				
Басқа заңды тұлғалардың капиталына қатысуға байланысты кіріс	8				
Активтерді өткізуден болған кіріс	9				
Басқа да кіріс	10				
Кіріс жиынтығы	11				
Сыйақы төлеуге байланысты шығыс	12				
оның ішінде:					
